

## МӘДЕНИЕТТАНУ

## КУЛЬТУРОЛОГИЯ

## CULTURAL

ӘОЖ 297 (574)

Н.Ж. Байтенова, А.К. Дуйсенбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Қазақстандағы исламға дейінгі наным-сенімдердің  
ұлт дүниетанымындағы көріністері**

Мақалада қазақ жеріндегі ежелгі түркі наным-сенімдері тарихы жайлы, Көне түркі дүниесіндегі дүниетанымдық көзқарастар мәселесі, түркі наным-сенімінің негіздері және қалыптасу ерекшеліктері, қазақ халқының дүниетанымындағы ежелгі түркі наным-сенімдерінің орны туралы баяндалды. Тәңір ұғымы тереңінен қарастырылып, түрлі ғалымдардың ой-пікірлері ортаға салынды. Сонымен қатар тәңіршілдік ұғымының, қазақ халқы тарихындағы орны мен бүгінгі күндегі рөлі туралы баяндалды. Сондай-ақ тәңіршілдік элементтері мен дәстүрлеріне тереңірек тоқталып, толық анықтамалар берілді, көне түркі мәдениетінің, ислам діні келгеннен кейінгі, қазақ халқы үшін орны мен рөлі туралы жазылды. Қазақтарда салт-дәстүр, әдет-ғұрып ретінде сақталған, ежелден келе жатқан кейбір дәстүрлердің шығу тарихы мен тәңіршілдік нанымның байланысы сипатталды. Тәңіршілдік сенімінің, көшпелі халық үшін қаншалықты маңызды болғандығы мен дала халқы үшін табиғат үндестілігінің рөлі барынша сипатталды.

**Түйін сөздер:** түркі дүниетанымы, Тәңір, тәңіршілдік, Жер-Су, Ұмай, Құт, аруак, рух, қазақ наным-сенімдері.

N.Zh. Baitenova, A.K. Duissenbayeva

**Manifestation to the Islamic belief in the national worldview**

In this article we have described the role of ancient turkish beliefs in kazakh nation's worldview, and features of turkish beliefs formation and principles, history of it's birth on kazakh territory. The concept of tengri deeply was investigated and submitted opinions of various scientists to the reader's attention. Along with that, we have expounded about the role of tengrinism in kazakh nation's history and in the present lifestyle. Also, deeply was discussed about elements and customs of tengrinism, were submitted complete assessment of them. It was described about connection of the history of Kazakh customs and traditions which remained as national customs and belief of tengrinism. We tried to tell more about belief of tengrinism, it's importance and role for nomad people, and about role of harmony with nature for population of step.

**Key words:** Turkish worldview, tengri, tengrinism, earth-water, Umai, Kut, aruak, spirit, Kazakh's belief.

Н.Ж. Байтенова, А.К. Дуйсенбаева

**Проявление до исламских верований в национальном мировоззрении**

В данной статье рассмотрена история веры и религиозных убеждений древних тюрков на территории Казахстана, особенности их мировоззрения, формирование принципов веры и убеждений, роль религиозных воззрений древних тюрков в мировоззрении казахского народа. Исследовано понятие «тенгрианство» посредством рассмотрения научных мнений различных деятелей науки. Подвергнуты анализу элементы традиций тенгрианства. Предоставлены материалы о роли древней тюркской культуры в истории казах-

ского народа после внедрения исламской религии. Дано описание взаимосвязи тенгрианства и отдельных обычаев, сохранившихся казахским народом в качестве обычаев и традиций по сей день.

**Ключевые слова:** Мировоззрение древних тюрков, тенгри, тенгрианство, Жер-Су, Умай, Кут, Аруак, дух, казахские верования.

### Кіріспе

Қазақстан жеріне ІХ ғасырда ислам діні келгенге дейін түрлі мәдениеттер ошағы болды. Бірақ, қазақ халқы үшін ерекше ізін қалдырған, және бүгінгі күнге дейін қазақ халқының қанына сіңіп, сүйегіне біткен ерекше мәдениеттің, наным-сенімнің бірі тәңіршілдік діни жүйесі. Бұған дәлел, тарихтағы қазба жұмыстарымен, қоса ежелгі түркі жазбалары болса, сонымен қатар бүгінгі күнге дейін халық арасында көрінісін табуға болатын әдет-ғұрыптар, сенімдер, аңыз әңгімелер мен ертегі қаһармандары да, ертедегі қазақ халқының дүниетанымынан хабар берері сөзсіз. Қазақ даласындағы тау мен тастарға қашалып жазылған ескерткіш тастар да, біздің тарихымыз бен, ертедегі дүниетанымымыз туралы сайрап жатыр. Қазақ халқы ежелден өзіндік қалыптасқан құндылықтар жүйесі бар, ерекше тарихы бар халық. Қазақ жерінде көптеген ұлыстар мен ұлттар мекендеуімен қатар, түрлі мәдениет пен діннің де ұштасқан қасиетті мекені. Ежелден көшпелі халық болып есептелетін Қазақ халқы, өз кезегінде таңқалдырарлық дүниетанымымен ерекшеленеді. Себебі, ұлы далада Қытай, Иран, Византия, Үндістан сынды алып көршілердің мәдениеті ығына жығылмай өзіндік дүниетаным, өзіндік дәстүр қалыптастыру арқылы, осы күнге дейін сақталып келе жатқан тек қазақ халқына ғана тән жүйеге ие болды. Бұған себеп, қазақ халқының түркі мәдениетінің бір бөлшегі ғана болып қоймай, түркі дүниесінің қалыптастырушы ретінде алған орны. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенер болсақ, ертеде наным-сенім ретінде қалыптасқан тәңіршілдік пен шаманизм қазақ халқының барлық дерлік тұрмыс тіршілігінде өз ізін қалдырған. Көшпелі халықтың қиял-ойынан емес, күнделікті тіршіліктегі ой-түйсігінен туындаған сенім, кез-келген салт-дәстүр мен, ырымдардың түпкі мақсаты мен себебін анық түсіндіріп бере алатын болған. Тәңірге, Жер, Суға табынудың пайда болуын адамда әуел бастан қалыптасқан ризашылық сезімдерімен байланыстыруға болады. Бұл құдайлар қарапайым тіршілік иелеріне қамқорлықпен қара-

ған, ауыр кезеңдерде адамдарға азық – түлік сыйлаған мейірбандықтарына алғысын білдірудегі ниетінен туған еді деп есептейміз. Осындай өмірдің нақты шындығына көз жеткізу адамдарға жәрдемдесетін жоғары әлем бар деген түсінікті туғызуы да заңды еді. Ежелгі түрік әулеті өздерінің ұғымдарындағы ең биік шынды Хан – Тәңірі деп атауы да кездейсоқтық болмас. Болмыстың мәнін және оның рухтық көрінісін Аспанға саю қазақ халқында көпке дейін сақталып келді. Аспанға құдіретті күшті Құдай тұрғысынан мұқият жасалынған талдау мен көшіп – қону бағытын анықтаудағы басты нысана ретінде қарастырылуы өзінің дүниетанымдық тұрғыдағы Тәңіріне табынуына ықпал етті. Бұдан шығар тұжырым «нақты аспан объектісімен оның тірі дүниенің рухани символы ретінде уағыздалуы арасында сәйкестік бар» [1] деген пікірге толығымен қосылуға болады.

### Көне түркі дүниесіндегі дүниетанымдық көзқарастар мәселесі

Алайда, тәңіршілік туралы сөз қозғағанда қазақ ғалымдары түрлі ой-пікірлерді ұстанады, бірі тәңіршілдік толықтай діни жүйе дейтін болса, келесі бір топ ғалымдар бұл тек дүниетаным, яғни дін емес деген қорытынды береді. Дегенмен, қазақ халқының ислам дінін мәжбүрсіз қабылдауына өзіндік септігін тигізген, және жеті ата, ру, қан араластырмау (туысқан қызбен жігіттің үйленбеуі) сынды қазақ халқына ғана тән элементтердің қалыптасуына себеп болған, көшпенді халықтың әлемді танудағы дүниетанымы терең зерттеулерді қажет ететіні сөзсіз.

Профессор Н.Ж.Байтенова өз еңбектерінде бұл туралы – Тәңір зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің шындықтағы болмыс тәсілінен, дүние түйсінуінен туындаған дейді [2].

Академик Ғарифолла Есім “Хакім Абай” кітабында: тәңірге сыйыну – сенім емес, дін емес, ол Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық деп тұжырым-

даған. “Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір – деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Оны табиғаттың синонимі деп те қарауға болады. Адамның табиғатқа табынуы, бір жағынан, натуралистік түсінік болса, екіншіден, өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау, дерексіз ойлаудың жемісі”, – дейді [3].

С.Н. Ақатаев – “Ол (тәңір) – әр түрлі наным-сенімдердің, көбіне табиғатқа, оның стихиялық күштеріне табынудың және оларды бұрмалап бейнелеудің біртіндеп дамуынан туған құбылыс. Тәңірліктің дүниетанымдық негізі дүниедегі заттар мен құбылыстар жанданған деп қарастыратын натурфилософиялық гилозоизм болып табылады, ол түптеп келгенде табиғатты құдай деп қарастыратын пантеизмнің негізін құрайды”, – деп жазады. [4].

Тәңіршілдіктің тарихтағы ерте пайда болған табиғаттық діндердің ішіндегі едеуір эволюциялық дамыған түрі деп те айтуға болады деп ойлаймын, себебі мұнда монотеистік діндерге бастау берген «бір жаратушы» идеясы бар. Сондай-ақ дін деп айта алмайтынымыз мұнда профессор Н.Аюпов келтіргендей қасиетті кітап, пайғамбар, дін қызметкерлері сынды өзіне тән негізі жоқ. Ғалымдардың дәлелдеуінше, Қазақ жерінде осы наным түрінің болғандығы туралы дерек көздер Маньчжурия, Қытай жылнамаларынан, араб, иранның көне жазбаларынан, VI-X ғасырларда табылған көне түрік ескерткіштерінен біздің бабаларымыздың о бастағы діні Тәңіршілдік болғанына дәлел болып отыр. Жоғарғы Енисей аймағында табылған тас плиталардың бетіне үстерінде ұзын киімдері бар бір топ адамдардың Тәңірге сыйынып тұрған кезі бейнелеген сол замандардағы суретшінің суреті табылған. Протоқазақтардың наным жүйесіндегі, дүниетанымының нақ осындай болып қалыптасуына әсер еткен, көшпенді халықтың табиғатпен тығыз байланыста болуы себеп, мұндағы басты идея табиғаттан қорқу немесе тас пен тауды құдай көру емес, кез-келген табиғат объектісінің киесі бар екендігіне сену, яғни оны тірі деп тану, оған қандай қарым-қатынас орнатсаң, өзіңе де сондай жауап болатындығына сену. Табиғаттың рухы бар екендігін сезіне білу, алайда осының барлығын басқарып отырған, бақылаушы,

толық танылмайтын, нақты анықтамасы жоқ, бір жаратушы бар екендігін мойындау. Ол-Тәңір. Плано Карпини түркілердің бір құдайға иланатындығын айта келіп: «... оның үстіне олар күнге, айға және отқа, сонымен бірге таңертеңгілік астың немесе су ішердің алдында сол ас-дәмдерінен ауыз тидіретін сыбағаға арнап су мен жерге де құдай деп табынады», – дейді. Түркі халықтарының дүниетаным негізінің ойдан пайда болған ертегі емес, толықтай табиғатпен ұштаса білген танымдық жүйе екенін Қырғызстан ғалымы философ Өмүралиев Чоюн өзінің «Теңирчилик» (Улуттук философиянын уңгусына чалғын) атты еңбегінде тәңіршілік сенімінің көшпенділердің жай сенім күйі емес, көшпенділер өркениетінің негізін қалаған рухани – мәдени және экономикалық – саяси ілім ретінде дәлелдеп шыққан [5]. Сол сияқты Қазақстандық ғалым А. Ю. Никонов өзінің «Алтун Битиг. Тенгрианство» (мифы древних тюрков сохранные устным и письменным преданием тюркских народов мира) [6] тәңірлік дінінің символдық негіздемеінен бастап діни қағидаларының осы уақытқа дейін жеткен тағылымдарын суреттеп берді. Яғни, біз тәңіршілдік деп атап отырған, ерте түркі дүниетанымында, ежелгі наным-сенімдердің бастауы болып табылатын анимистік, фетиштік, тотемистік белгілердің барлығын бір жиынтықта қарастыруға болады. Себебі, көшпелі халықтың, өзіндік әлемінде кездескен кез-келген дүние өзінің орны мен жаратылғандағы мақсаты анық айқындалған. Еш нәрсе назардан тыс қалмаған, жанды тіршілік иесінің барлығын да қастерлей білген, мақсатсыз еш бір зат ысырап етілмеген, әрнәрсенің сұрауы бар деген қағида қатал сақталынған, табиғаттан алғаныңды қайтарып отыруың міндеттелген, әйтпеген жағдайда Көк Тәңір саған разы болмайды, кез-келген дүние, үлкен бір әлемнің тізбегі іспеттес. Әр нәрсенің рухы бар, рухтарды разы етпей тірі адамның ісі оңға басуы мүмкін емес, бұл түсінік қазақ халқында бүгінгі күнге дейін күшін жойған емес. Ата-баба культі, қазақ халқында осы кезден қалыптасқан болуы керек, себебі ас беру, аруақтарға арнап құрбан шалу дәстүрі тәңіршілдіктің айқын бір көрінісі.

«Өлі риза болмай, тірі жарымас» деген қанатты сөз де осы сарынды тағылым. Ал аруақ дегеніміздің өзі бұл ғұмырдан өткен адамның рухы. «Аруақ» – күш, қуат, дем деген

ауыспалы мағынасы бар «рухтың» көпше түрі [7], негізінен араб тілінен ауысқан сөз. Аруаққа сыйыну – тіршілікте іске асырған істеріне байланысты айрықша қасиет иесі саналған аталардың рухымен қанаттану, мұрагерлік жауапкершілікке талаптану ұғымын білдіреді. Қазақтарда аруаққа сыйыну кеңінен етек алған, тарих беттеріне үңілер болсақ, ер жүрек батырлар соғысқа аттанар алдында ата-баба аруағына арнап ас беріп, үлкен қариялардан бата алып, «Аруақ, қолдай гөр!» деп ұрандатып шабатын болған. Аруаққа сыйыну салты ұрпақты жауапкершілікке тәрбиелеуде, патриоттық сезімді ұштауда орасан зор әлеуметтік мәнді болған және бола да бермек. «Қазақтар әдетте ата – баба аруағын құдіретті деп түсінген» [8] деген ұсыныстың жаны бар.

### **Түркі наным-сенімінің негіздері және қалыптасу ерекшеліктері**

Тәңіршілдік дінінің негізіне келетін болсақ Түркі халықтарының көне нанымдарында ғарыштағы барлық процестерге тоқсан тоғыз Тәңір басшылық жасайды. Түркілер Көк Тәңір дегенде оны материалдық кейіптегі аспанмен салыстырмайды. Көк тылсым құпияның, Жаратушылық бастаудың эпитеті болып табылады. Тәңірмен қатар Жер-Су құдайы да түркілер үшін – табыну объектісі. Жер-Су – тіршіліктің тірегі. Жер-Су мен Тәңір бір-бірін толықтырып тұратын бастаулар. Адамның тәні Жерден жаралғанымен Рухы Тәңірден. Рухтың түркілік атауы – Құт. Адам туғанда Тәңір оның денесіне құт дарытады. Жаңа туған нәресте денесіндегі Құттың сақтаушысы, қамқоры – Ұмай. Аталған үш құдай түркілердің пантеонында маңызды болып саналады. Тоныкөк құрметіне орнатылған ескерткіште: «Көк, Ұмай құдай, қасиетті Жер-Су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек», – делінеді. Бірақ құдайылық құдірет тұрғысынан алғанда Жер-Су мен Ұмай, – Тәңірмен тең емес, олар ортаңғы әлем құдайлары болып табылады. Адамның өмірі мен тағдыры тек Тәңірге ғана тәуелді, сондықтан түркі халықтары Тәңірден жарылқауды, Жер-Су мен Ұмайдан қолдауды сұрайды. Жарылқау адам тағдырын жақсы бағытта өзгертуді білдіреді, яғни тағдыр мен жазмыш тек Тәңірдің қолында. Тәңір өз әрекетінде ештеңеге тәуелді емес, бірақ оның үкімі әділетті. Тәңір әділ жолдан тайғанды, ант бұзғанды жазалайды. Мұндай

адамдардың жаны төменгі әлемге барады. Төменгі әлемде Ерлік билік етеді. Тәңір әркімге сай сол белгіленген жазаны жүзеге асырады. Төменгі әлемде жазаланған адамдардың көз жасын қанша жұтса да толыспайтын Тоймадым өзені ағып жатады. Ерліктің өзі өте қорқынышты, сұсты кейіпте бейнеленеді. Түркі халықтарында ислам мен христиан дініндегі күнә мен тозақ ұғымдары болмағанымен, әр адамның өз ісіне қарай Тәңірінің құтына ие болатындығы немесе қаһарына ұшырайтындығы туралы айқын идея болғаны күмән туғызбайды. [9].

Әлемдік діндермен салыстырғанда тәңіршілдікте сән-салтанатты, әсем-зәулім ғибадатханалар салуға деген қажеттілік болған жоқ. Тәңір түркілерден күн сайын дұғалар оқып, ғибадатханаға баруды талап етпеді. Сонымен қатар тәңіршілдікте канондалған мәтіндер де болмады. Бірақ таң сәріде ұйқыдан тұрған түркілер Тәңірді еске алып, одан қолдап-қорғауын, ісін оңдауын тілеп отырды. Түркі Тәңірі адамнан әрекетшілдікті, белсенділікті талап етеді. Әрбір түркі ері отбасына, ел-жұрты мен мемлекетіне қызмет етуі керек, тек сол арқылы ғана ол Тәңірі мен халқы алдындағы парызын өтей алады. Бұл жерде парыз тек моральдық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық ұғым болып табылады. Парыз ұғымы көне түркілердің елдігі мен мемлекеттілігінің іргетасы іспетті. Парыз – Тәңір мен түркі адамын байланыстырып тұрған нәзік тылсым ғана емес, парыз дүниені үйлестіру мен жетілдірудің пәрменді құралы. Оғділміш – осыны жете түсінген тұлға бейнесі. Өмірге деген мұндай әрекетшіл қатынас ғасырлар бойы Еуразия даласын мекендеген халықтардың санасына сіңіріліп келді.

Тәңіршілдік наным туралы ғалым Құрманғазы Қараманұлы «Тәңірге тағзым» еңбегінде тәңірлік діннің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

Тәңір діні – халқымыздың қалыпты дүниетанымынан туған, табиғатқа табыну, Аспанды – ата, Жерді – ана деп ардақтау және аруаққа сыйыну, рухы күшті адамдардың өмірін өнеге тұту салтынан өрбіген ұлттық дін. Тәңір (көк) – күллі әлемді жаратқан бейтарап құдіретті күш. Мұнда күнделікті құлшылықты талап етпейді. Дінді ұстаушылар тек басына күн туғанда ғана Тәңірге тілек айтып, аруаққа сиынады.



Діннің өз жора-салттары бар. Олар – Тәңірдің құдіретіне тәубе етіп, құбандық шалу, ата-баба аруағына арнап ас беру, т.б. Сол сияқты таңертең тұрғанда, күншығысқа қарап бас иіп, тағзым ету шарт. Тәңір дінін ұстағандардың өз мерекелері (наурыз, қымызмұрындық, сабан той, соғым басы, т.б.), сыйлы күн (сәрсенбі), өзіне тән ырымдары бар. Мұнда құдай лебізін жеткізеді делінетін періштелер мен пайғамбарлар «жаратқан осылай жасауға әмір етті» делінетін ережелер, «күнә», «тозақ», «жазымш» т.б. жөніндегі жаттанды қағидалар жоқ. Жұртты жинап, құдайға құлшылық ету рәсімдерін ұйымдастыратын шіркеу, мешіт, монастырь секілді орындарға да мұқтаж емес. Тәңір – әркімнің өз жүрегінде. Оған тілек айту, жалбарыну жорасы әркімнің көңіл қалауы бойынша жасалады. Мұнда діни фанатизм жоқ, өйткені «Тәңір Көк әлем халықтарының бәріне ортақ, ал әр халық өз ата-бабасын ардақ тұтады» дейтін қағиданы ұстанады. Адамдар кемел ойы мен кісілігіне қарап бағаланады. Тәңір діні адамгершілікті насихаттайды. Тәңір дінін ұстанатындарға үш қарызды орындау міндет. Олар – Тәңір алдындағы, ата-баба алдындағы және ұрпақ алдындағы қарыздар. Тәңірлік діндегі өмірге деген көзқарас, өмірден қашып тақуа күй кешпей, дүниеге қуанышпен қарау, оны жалған демей, жарық дүние деп қабылдау, жаратушы мен адам арақатынасын басқа тұрғыдан түсіну, оның өмір орнықтырушы принциптері. [10]. Тәңірлік туралы жан-жақты жүйелі зерттеу жүргізген профессор Н. Аюпов бұл сенімнің қалыптасу, даму және басқа діни жүйелерге трансформациялануы сияқты үш кезеңін атап көрсетеді. Шаманның рухтардың тандаулысы болуы және сәуегейлік, яғни болашақты болжау қасиеті әлемдік діндердегі пайғамбар идеясының қалыптасуында маңызды рөл атқарған деп топшылауға болады, сол сияқты жаратушыны таза рух ретінде түсінуде де шамандық әсерін жоққа шығаруға болмайды. Жалпы жаратушы – құдай идеясының түптамыры табиғатқа табыну, оны құдіреттендірумен әруаққа, рухқа табыну десек артық айтпаған болар едік.

Қазақтар Тәңірді тылсым дейді. Тылсым киелі құпия адам танымынан жоғары, оған ақыл-парасат жетпейді. Философияда тылсым трансценденттілік деп аталады. Тылсым табиғат пен әлемнің шексіздігін де білдіреді.

Тәңірлік тылсым арқылы адам табиғатпен ұштасады, ондағы үйлесімділікті сезінеді,

көшпенді дүниені танудан гөрі түсінуге ұмтылады, сөйтіп түсінуді танудан жоғары қояды. Адам өзінің дәрменсіздігін құдіретті тылсыммен бетпе-бет келгенде сезінеді. Түркілер күллі дүниеге үйлесімділік дарытқан құдіретті Тәңір деп мойындайды, алайда мойындау мойынсұну емес, себебі Тәңір адамға ерік берген, әлемдік діндердегі осы жалған дүниеде құдайға құлшылық етсең, жаратушы еңбегінді ескертіп о дүниеде бейішке барасың деуі Тәңірлікке жүрмейді, Тәңірлік «жазымштан озмыш» жоқ деп қол қусырып отырғанды да қаламайды, өйткені оған фатализм жат құбылыс. «Мәңгілік аспан, – дейді Л.Н. Гумилев, тек көмек көрсететін ғана емес, сонымен бірге өзіне сиынушылардан белсенділік танытуды да талап ететін құдай... Тәңірлік дін адамды өз іс-қимылына, әрекетіне, пиғыл-ниетіне есеп беріп отыруға үйретеді, ісі түсіп, жолы болса, түркілер «Тәңір қолдады» дейді, қателік жасап, адасса, «Тәңірім кешіре гөр», – дейді. [11].

Осы сенімге сай кез келген құбылыс пен объектінің киелі иесі бар. Сонымен қатар, қазақтарда осы күнге дейін ел арасында сақталып қалған бір түсінік бар, ол ежелгі аңыздарға сәйкес әлем үш бөліктен тұрады жоғарғы, орта және төменгі әлем. Осы үш әлемдегінің бәрі Тәңірге тәуелді. Оның дәлелі ретінде ертеде адамдар өздерінің тілектер қабыл болсын деп, немесе Тәңірі оған ризашылықпен қарап, жаман нәрселерден сақтауы үшін, құрбандыққа қой немесе ірі қара (түйе, сиыр, жылқы) шалынатын болған. Сойылған малдың еті үш бөлікке бөлінеді, 1-шісі малдың бас сүйегі жоғарыға ілініп қойылады, бұл жоғары әлем үшін, 2-шісі еті пісіріліп ел-жұртқа берледі, бұл орта әлем үшін, 3-шісі малдың сүйектері адам аяғы баспайтын жерге көміледі, бұл төменгі әлем үшін деген түсініктен. Сонымен қатар шалынатын құрбандықтың түсі, жасы, денінің сау болуы сынды мәселелер өте маңызды, бұл талаптарға сай келмеген малды құрбандыққа шалуға болмайды.

#### **Қазақ халқының дүниетанымындағы ежелгі түркі наным-сенімдерінің орны**

Ежелгі түрік – моңғолдардың нанымдарында көк те, жер де тәңірлер болып саналған. М. Молдабеков „Ежелгі түріктер қос күшке, көкке (оны тәңірі деп те атаған) және жерге (жер – суға) сиынатын болған”[12]. дейді. Сондықтан, мәңгітас ескерткіштері мен моңғол шежірелерінде көк тәңір мен қара жер бірге

жүретін сөйлемдер кезігеді. Мәселен: „Тәңір мен қара жер қоса қуат беріп, біз керейлерді бағындырған едік”, „жер тәңірден алтын шәрбат татқан қасиетті киелі”, „қара аспанға табынған оң болады”, „Көк тәңір мен қара жерден қуат алып”... [13].

Гумилев (1912 – 1992) ежелгі қытайлықтарда түрік ұғымындағымен бірдей көк тәңір наным болғанын растайды [14].

Көне Қытай, Мысыр, Рим, Месопотамия елдерінде көк тәңір туралы нанымдар бар еді. Бұл елдердің патшаларының атағы көбінесе көктің ұлы, күннің ұлы, аспанның перзенті болып келуші еді. Бұл нанымда аспан мен жерді жаратқан тәңір, жерді тастап кетіп, аспанды мекендепті – мыс. Сондықтан, ол биік тәңір яки көк тәңір деп аталған.

Діни наным-сенімдер жалпы дүниемен қатар, билік пен мемлекеттің, билік құзіретінің пайда болуын да түсіндіреді және оларға тылсымдық сипат береді. Бұл көне заман халықтарының бәріне тән деп айтуға болады. Көне түркілік деректерді зерттеу де осыған дәлел бола алады. Орхон-Енесай жазбаларында ондағы басты кейіпкерлер туралы деректермен қатар, түркілердің діни наным-сенімдері, мемлекеттілігі, мемлекетті басқару тәсілдері, адамгершілік-құқықтық түсініктері туралы да мәліметтер беріледі. Соларға сәйкес аспан мен жер және олардың арасында адамзат жаратылғаннан кейін адамзат қауымындағы билік пен басқару түркі хандарына тапсырылған. Хандар түркі мемлекетінің заңдарын жасады. Ханның басты міндеті – мемлекеттің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуін қамтамасыз ету. Бұл жазба мұраның өзегі – билік пен халықтың бірлігі. Билік Тәңірі арқылы беріледі. Тәңір тек ханның ғана емес, бүкіл түркі жұртының қамқоршысы. Қаған Тәңір құдіретіне сай билік етеді, билікті алған қаған өзінің қол астындағы халық үшін Тәңір алдындағы жауапкершілігін ұмытпауы керек. Ал түркі халқынан Тәңір қағанға адал болуды және соған қызмет етуді талап етеді. Қағанға жүктелген Тәңірілік биліктің халық тарапынан мойындалуы мен танылуы билікке киелі сипат береді. Көне түркі жазбаларындағы мемлекеттілік, елдік, билік, басқару мен бағыну мәселелері Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында жан-жақты талқыланады. Сондықтан бұл шығарманы көне

түркі құқының маңызды ескерткіші ретінде қарастыруға болады. Түркі қағандарының титулында жиі кездесетін «құт» сөзінің мағынасы тек бақыт, молшылық ұғымдарымен шектелмейді. Қазақ тілінде «құт» қуат, күш деген мағынада да қолданылады. Алайда, көне әдебиеттерді қарасақ, ондағы мағынасы біраз ерекше, өйткені «құт» қағанға Тәңірдің құдіреті арқылы дариды. «Құт» сөзінің қазіргі синонимі – «бақ». Алайда құт қонған адам оны дұрыс танып, жүзеге асыра білуі керек. Қаған үшін құт мемлекет пен халықтың қамын ойлауда, қайткен күнде де мемлекеттілікті нығайтуда, өсіріп-өркендетуде, яғни қаған құтты қолында берік ұстауы керек. Бұл қағаннан қайратты, жігерлі, намысты болумен қатар, білімділікті, парасаттылықты, әділеттілікті талап етеді. Осының бәрі Тәңірдің аманаты, өсиеті ретінде қабылданады. Қаған елінің қамын ойлама-са, елі қағанына бас имесе түркі жұртының берекесі кетеді, іргесі сөгіліп, құты қашады. Мемлекеттіліктің қажетті алғышарты елдің бірлігі болып табылады. Осы алғышартты жете түсіну көне түркі жұртының саяси-құқықтық санасының жетілгендігі мен өзіндік ерекшелігінің көрінісі болды. Бұл идеяны Жүсіп Баласағұн Оғділміш пен Одғұрміш образдарын салыстыру арқылы жеткізеді. Өзінің ақылы мен парасатын қоғам мен мемлекет ісіне арнаған Оғділміш бала күнгі досы, тақуа Одғұрмішке мемлекеттік басқару жүйесінде лайықты орын алып, ел-жұртына қызмет етуді ұсынады. Бірақ Одғұрміш оның бұл ұсынысын қабыл алмайды, қайта өз өмір салтының басымдылығын мойындатуға талпынады. Тақуалық өмірден бас тартпаған Одғұрміш біраз уақыттан соң дертке шалдығып қайтыс болады. Оғділміш болса өзінің өмірі мен талантын, күш-жігерін елі мен жеріне, мемлекетіне қызмет етуге жұмсайды. Оғділміштің ұстанымы – көне түркілердің өмірлік фәлсафасы. Адам өмірінің мәні шығармашылық пен еңбекте, өзінді, қоршаған ортаны Жарық дүниеге айналдыруда. Тәңірлік дінді зерттеуші ғалым М. Аджи: «Түркілер діні тек Далада ғана емес, сонымен қатар бүкіл Еуропа мәдениетінде өз қолтаңбасын қалдырды», – дейді. [15].

Көк – Аспан мен Жер – Суға табынушылықтың пайда болуын адамның табиғат алдындағы мәңгілік парыздарлығымен, оның қиындықта қолдап, аштық пен зілаладан сақтайтын, азық-түлікпен қамтамасыз ететін ізгі

құдайлар мен пір иелеріне үнемі алғыс білдіру ниетімен байланыстыруға болады. Нақты өмір шындығын түсіну адамға жәрдем беретін жоғарғы көк аспан әлемі бар екендігі туралы түсінікті қалыптастырды. Көне түркілер үшін әлемдегі ең биік шыңның Хан Тәңірі атануы да кездейсоқтық емес. Көріп отырғанымыздай, Тәңір тылсым мәнді Аспан, құдайылық қана емес, қазақтардың көне діни нанымдарында бәрін жаратушы бастау болды. Ұмай рөлі ең алдымен адам баласының тууы соған тәуелді болуымен сипатталады. Жамбыл облысындағы Билікөлден тас тұғыры табылған, ол Тәңір мен Ұмай жұбына табынған түркілер бейнеленген Құдырғын тастарына ұқсас. Бұл оның барлық тіршілік иесі ретіндегі маңызының артқандығын көрсетеді [16].

Қазақтар дүниедегі жан – жануар, аң – құстар әр үйдің, жеке адамның, тіпті ұсақ жәндіктердің өз иесі – Рухы бар деп түсінген. С. А. Токаревтың зерттеулері көрсеткендей, әрбір рудың өз Жебеушісі, яғни ежелден бері тіршілік етіп келе жатқан рухтас “мос” құдіреті болады. Ал марқұм болғандардың жандары “кормос”, бірақ ешбір байланыссыз [17].

“Аспан рухы”, “Жер – су рухы”, “Таудың рухы” т.б. Л. П. Потаповтың анықтамасынша, “оларға табыну рулық меншікпен, кәсіптік құдіретпен бірігіп кеткен” [18]. Мұнда таулардың, өзен мен көлдердің киелі Аруағын қастерлеу емес, сол таудың, өзен мен көлдің өзін қастерлеп құдірет тұту, яғни, біз бұл арада табиғаттың рух – бейнесін емес, өзін тіріге санап қастерлеу ісін көреміз. Бұл анимистикалық дүниетанымның ең бір көне түрі – аниматизм деп аталады [19]. Жалпы анимизмнің қазіргі кездердегі барлық діни жүйелерге өзек болғандығы және жай ғана құбылыстан күрделі құбылысқа қарай өрлей дамығаны ғылымда мәлім жайт.

Қазіргі күнде қазақ халқы ислам діні келгеннен кейін, тәңіршілдік сипаттары өзінің бастапқы қолданыстағы мағынасынан біраз өзгеріп, ислам дінімен қатар, ерекше үйлесімділікте қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрпында көрініс береді. Әйткенмен, сөзіміздің басында айта кеткендей ол дін ретінде емес, әдет-ғұрып, ырымдар ретінде сақталып қалған, кейбір ғұрыптар ислам дінімен сіңісіп жаңа бір көріністерін берген, мысалы соның бірі тұмар тағуды айтуға болады, ежелде әр ру өз тотемінің белгісін таққан болса, кейіннен бұл ырым көз тимесін, жаманшылықтан

қорғасын деп қасиетті аң немесе құс тырнақ, тіс, тб. салынған. Ал, қазіргі таңда бой тұмар ішіне құран аяттары жазылып тағылады. Бұл туралы ерте жазбаларда мұнда “қырғыз немесе қырғыз әйелі өзімен бірге үш бұрышты өзін сақтайтын аяттар жазылған тұмар тағады. Ол адамды бақытсыздықтан сақтайды деп сенеді” [20] деген пікірлерді дәлеле ретінде келтіруге болады.

### Қорытынды

Қазақстан жеріндегі ежелгі түркі наным-сенімдері тарихы жайлы көптеген еңбектерді саралай отырып, түрлі пікірлер мен құн жетпес мәдениетіміз бен тарихымызға, қазақ халқының негізі мен өзегін түсінуге қол жеткізуге болады. Тарихты зерттеу арқылы адамзат баласы өзінің ата-тегін, болмысын түсініп отырған, осы тұрғыдан көне түркі сенімдерінің тарихын зерттеуде біздің ұтарымыз өте көп әрине. Ислам діні бүгінде, қазақ даласында ондаған ғасырдан астам уақыт дамып келе жатыр, қазақ халқының ерекшелігі де сонда, мұнда Ханафи мазхабын ұстанған ата-бабамыз ислам дінін ұстана отырып, дәстүріміздің жақсысын қалдырып, жаманын тастап отырған. Үйлесімділік пен, толеранттылық әрқашанда өз маңызын жоймаған. Бүгінде, қазақ халқы өзін әлімсақтан мұсылманбыз деп есептейді, әйтседе кез-келген қазақ баласы көне түркі мәдениетінің тарихи маңыздылығын жоққа шығармайды. Ата-бабамыздан қалған көне түркі мәдениеті, қазақ халқының қанында ержүректілік, ата-анаға құрмет, табиғатқа, қоршаған ортаға деген жауапкершілік, көшпелі халық үшін маңызды болып табылатын жәйт табиғатпен үйлесімділікке тәрбиеледі. Тәңіршілдік нанымы, уақыт өте келе шаманизм, зороастризм сынды ежелгі діндермен жалғасын тауып, қазақ халқының тарихында өз ізін қалдырмай қойған жоқ. Бұл бір діннің немесе бір сенімнің көрінісі емес, сенім жүйесінің синтезі деп айтуға да болады. Мұнда ел билеу саясаты да, Тәңір идеологиясымен ұштасып жатты. Қазақ халқында ұлттық мейрам ретінде сақталып қалған «Наурыз мейрамы» да, көктемді жаңа жыл басы деп санап, жаңа өмір бастамасына балауы да, ежелгі дүниетанымның қаншалықты табиғатпен, күн, ай, қоршаған әлеммен тығыз байланыста болғандығын, астрономия, астрология сынды ғылым әлемімен байланыста жатқандығына дәлел. Тарихи деректер мен жазба, ауызша әдебиеттерде кездесетін,

әулие, бақсы, киелі күмбездердің бекер еместігі, қазақ даласында емшілік пен ауа райын, табиғат апаттарын, алдын-ала қатесіз болжау сынды, егістік пен мал өнімдерін ысырапсыз алуда, үлкен жетістіктері болғаны тарихи шындық. Бұл сиқыр немесе дуалау емес, ол қоршаған әлеммен тілдесу, ежелгі ата-бабаларымыздың

өзіндік мәдениеті мен өркениетіне дәлел болып табылады. Монотеистік діндердің бастамасы болып табылатын көне наным, бүгінгі күнде Ислам діні қабылданғаннан кейін, қоғам ішінде дүниетанымдық, тарихи мәдениет тұрғысынан, қазақ халқының ажырамас тарихы ретінде сақталып қалды.

### Әдебиеттер

1. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттануға кіріспе. – Алматы: «Санат», 1996. – 5-б.
2. Н.Ж.Байтенова. Дінтану негіздері – Алматы. Қазақ университеті, 2006. – 356 б.
3. Ғ. Есім «Хакім Абай». – Алматы, «Ғылым», 1994 ж.
4. Акатаев С.Н. Мировоззренческий синкретизм казахов. А., 1993. – С. 49
5. Көне түркі сөздігі. – Алматы, 1969. – 544-б.
6. Омуралиев Ч. Тәңірчилик. – Бишкек, 1994
7. Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. – Ленинград: «Наука», 1990. – 33-б.
8. Бекмұхамедов Е. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы, 1974. – 146-б.
9. Н.Ж.Байтенова. Қазақстандағы діндер – Алматы. Қазақ университеті, 2008. – 399 б.
10. Қараманұлы Қ. Тәңірге тағзым. – Алматы: «Ана тілі», 1996 ж.
11. Гумилев Л.Н. Хундар. – Алматы: 1998 ж.
12. Молдабеков М. Қазақ халқының рухани мұрасы. – Алматы. – 1997. 104-б.
13. Лувсанданзан. Алтын шежіре / Моңғол тілінен аударған. А. Мауқараулы. – Алматы. 1998. -84, 109, 119, 149 беттерде
14. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва, 1993. – 526 б.
15. Мұқанов С. Қазақ қауымы / Тарихтық және этнографиялық шолу. – Алматы. 1995, 304-б.
16. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1961. С.37.
17. Токарев С.А. Алтайлықтардағы тектік артықшылық сарқыншақтары. – Москва, 1972. – Т. 1. – 154-6.
18. Потопов Л.П. Алтайдағы тауға табыну әулиелігі. Советтік этнография. -Москва, 1969. -35-6.
19. Штернберг Л.П. Діндегі таңдамалылық. – Ленинград, 1986. – 268-б.
20. Левшин А. Описание киргиз – кайсацких орды степей. – Оренбург, 1932.- 55 б.

### References

1. Gabytov T.H. Madeniettanuga kirispe – Almaty: “Senat”, 1996. – 5 page.
2. N.Zh. Baytenova. Dintanu negizderi – Almaty. Kazakh university, 2006. – 356 page.
3. Yessim G., «Khakim Abay». – Almaty, «Gylym», 1994 .
4. Akataev S.N., Mirovozrencheskii syncretism kazahov. A., 1993. – 49 page
5. Kone turki sozdigi. – Almaty, 1969. – 544-page.
6. Omuraliev Ch., Tanirchilik. – Bishkek, 1994
7. Gumilev L.N., Geographya ethnosa v istoricheskii period. – Leningrad: “Nauka”, 1990. – 33-page.
8. Bekmukhamedov E. Kazakh tilindegi arab parsi sozdigi. – Almaty, 1974. – 146-page.
9. Orynbekov M.S. Kazakh senimderinin bastaulary. Almaty 2002.
10. Karamanuli Kh., . Tanirge tagzim – Almaty: “Native language”, 1996 .
11. Gumilev L.N., Gundar – Almaty: 1998 .
12. Moldabekov M., Kazakh halkinin ruhani murasi – Almaty. – 1997. 104-page.
13. Louvsan Danzan. Altin chezhire / Translation from Mongolian language. A. Maukarauli. – Almaty. 1998. -84, 109, 119, 149 pages
14. Gumilev L.N. Drevnie turki. – Moscow, 1993. – 526 page.
15. Mukhanov S., Kazakh kauimi/ Tarihtyk zhane etnografialyk cholu. – Almaty. 1995, 304-page.
16. Malov S.E. Pamyatniki drevneturkskoi pismennosti. M.-L., 1961. 37 pages.
17. <http://kaz.classtime.kz>
18. Potapov L.P., . Enicheskii sostav I proishozhdenie altaicev. Istoriko etnograficheskii ocherk. Moscow, 1969. 35-page.
19. Sternberg L.P. Pervobitnaia religia v svete etnografii – L., 1936.
20. Levshin A., Opisanie kirgiz-kaisackih ordy stepei. – Orenburg, 1932.- 55 pages.